

**Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 24 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5603 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы 196 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 30-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Мыналар бекітілсін:

- 1) Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарты (1-қосымша) ;
- 2) Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарты (2-қосымша) ;
- 3) Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарты (3-қосымша) .

2. Осы қаулы, оны бірінші рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таралады.

3. Осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

- 1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын ;

- 2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген

күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым* *Е. Бахмутова*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2009 жылғы 27  
ақпандағы N 36 қаулысына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

## **Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҮЛГІ ШАРТЫ**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N\_\_\_\_\_

Жинақтаушы зейнетақы қоры

\_\_\_\_\_ (Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы,

\_\_\_\_\_ нақты орналасқан жері),  
бұдан әрі "Қор" деп аталады, \_\_\_\_\_ (Жарғы немесе сенімхат) және зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N\_\_\_ лицензия негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_

-----  
(лауазымы, тегі, аты, \_\_\_\_\_

-----  
(бар болса - әкесінің аты),

арқылы бір жағынан және \_\_\_\_\_

(тегі, аты, \_\_\_\_\_)

-----  
(бар болса - әкесінің аты),

\_\_\_\_\_ туған жылы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат),

\_\_\_\_\_ (сериясы, нөмірі)

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылғы берілген,

(кіммен және қашан)

N \_\_\_\_\_ жеке бірегейлендіру нөмірі бар, бұдан әрі "Салымшы (Алушы)" деп аталады, екінші жағынан міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасасты:

## 1. Шарттың мәні

1. Осы Шартқа сәйкес Салымшы (Алушы) міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы енгізуге міндеттенеді, ал Қор оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 . Қ о р :

1) міндетті зейнетақы жарналарын қабылдауға;  
2) Салымшыға (Алушыға) № \_\_\_\_\_ жеке зейнетақы шотын а ш у ғ а ;

3) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын тек уәкілетті кастодиан банкте қалыптастыруға және сақтауға;

4) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражаты мен оған жасалған төлемдерінің жеке есебін жүргізуді жүзеге асыруға;

5) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатына инвестициялық кірісті есептеуге;

6) Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмаған жағдайда зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт ж а с а с у ғ а ;

7) күнтізбелік жылдың аяғына есептелетін Қордың зейнетақы активтері бойынша номиналды кіріс көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәнінің арасындағы айырманы Қордың меншікті капиталы есебінен «Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 31-бабының 4 тармағында және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 181 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5793 тіркелген ) белгіленген тәртіппен қалпына келтіруді;

8) Салымшыға (Алушыға) жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күніне, ақы алмастан, оның сұратуы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және Заңның 50-бабында көзделген талаптарды ескере отырып, Салымшымен (Алушымен) келісім бойынша оның жинақталған зейнетақы қаражаты туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;

9) осы Шартты жасау кезінде, сондай-ақ сұрату бойынша Салымшыға (Алушыға) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруын жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін жүргізуді және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы және нақты орналасқан жері, сондай-ақ олардың акционерлері туралы және Қордың акционерлері туралы мәліметтерді осы Шарттың 5-тармағында белгіленген көлемде ұсынуға;

10) осы Шартты жасау кезінде Салымшыны (Алушыны) Қордың зейнетақы ережелерімен таныстыруға;

11) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

12) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Салымшының (Алушының) мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, оның ішінде Қордың өткен жылғы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымының және кастодиан банктің ауысқаны туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережесіне енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат беруге;

13) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша инвестициялық портфелінің түрін, эмитенттердің атауын, қаржы құралдарының түрін, қаржы құралдарының саны мен ағымдағы құнын, осы қаржы құралдарына инвестициялар мөлшерінің Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына пайыздық арақатынасын көрсете отырып зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережелерінде

белгіленген тәртіппен және мерзімде Салымшының (Алушының) өтінішінде көрсетілген қосымша ақпаратты беруге;

14) Заңның 41-бабының 2-тармағының 3-1) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімде зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға ;

15) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Салымшыны (Алушыны) алдағы уақытта қайта ұйымдастырылатыны туралы кемінде екі баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге;

16) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

17) соңғы күнге есептелген инвестициялық кірісті қоса алғандағы Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражаты сомасын түгел басқа жинақтаушы зейнетақы қорына Заңның 27-1-бабының 2-тармағында және Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесінде ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5517 тіркелген ) (бұдан әрі - № 240 ережесі) көзделген тәртіппен және мерзімдерде аударуға;

18) Заңның 9-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін соңғы күнге есептелген инвестициялық кірісті қоса алғандағы консервативті инвестициялық портфельге Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражаты сомасын түгел басқа жинақтаушы зейнетақы қорына Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2953 тіркелген) (бұдан әрі - № 153 ережесі) көзделген тәртіппен және мерзімде аударуға ;

19) Заңның 9-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес келетін соңғы күнге есептелген инвестициялық кірісті қоса алғандағы Алушының өтініші бойынша консервативті инвестициялық портфельге Заңның 34-1-бабында және № 153 ережесінде көзделген тәртіппен және мерзімде аударуға;

20) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде ол туралы Салымшыны (Алушыны) кемінде екі баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге;

21) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына Заңның 31-4-бабының 1-тармағында және № 240 ережесінде көзделген тәртіппен және

м е р з і м д е р д е

а у д а р у ға ;

22) Заңның 23-бабында және Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінде (бұдан әрі - № 661 ережесі) көзделген жағдайлар басталғанда Салымшыға (Алушыға) жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуге;

23) Салымшы зейнеткерлік жасқа келмей қайтыс болған жағдайда Заңның 9-бабына сәйкес, немесе Алушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуін жүзеге асырған тұлғаға жерлеуге арналған біржолғы төлемді елу айлық есептік көрсеткіші шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан

а с ы р м а й

т ө л е у г е ;

24) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы барлық соманы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген тәртіппен Салымшының (Алушының) мұрагер(лер)іне төлеуге;

25) Қордың міндеттемелерін орындауға әсерін тигізетін Салымшының (Алушының) деректемелері өзгерген жағдайда автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуге;

26) шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын Салымшы (Алушы) Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты қоныс аударған жағдайда, жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу жөніндегі операцияларды Заңның 23-бабында және № 661 ережесінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3 . Қ о р д ы ң :

1) Заңның 48-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 132 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесінде белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде және тәртіппен комиссиялық сыйақы алуға;

2) зейнетақымен қамсыздандырумен байланысты мәселелері бойынша Салымшының (Алушының) жазбаша өтініші бойынша оның мүддесін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сот органдарында білдіруге;

3) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымшының (Алушының) құқықтарын шектемейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтары б а р .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

#### 4. С а л ы м ш ы ( А л у ш ы ) :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес тек бір ғана жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қ а р а ж а т ы н ы ң б о л у ы н а ;

2) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті зейнетақы жарналарын енгізуге;

3) Қордың міндеттемелерін орындауына әсерін тигізетін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, Қорға хабарлауға міндетті.

#### 5. С а л ы м ш ы н ы ң ( А л у ш ы н ы ң ) :

1) осы Шартты жасасқан кезде, сондай-ақ кез келген жазбаша сұрату бойынша сұратылған күніне Қордың акционерлері туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруын жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін жүргізуді және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы, нақты орналасқан жері, олардың акционерлері және Қордың акционерлері туралы ақпаратты мынадай көлемде алуға:

жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, азаматтығы, қатысу ү л е с і ( п а й ы з б е н ) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері ( почталық индекс, қала, көшесі, ғимараттың нөмірі, телефон, факс, электронды адресі), мемлекеттік тіркелу туралы деректер, бірінші басшы туралы деректер ( тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) және қатысу үлесі (пайызбен);

2) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты а л у ғ а ;

3) Қордың зейнетақы ережесімен танысуға;

4) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

5) Қордан жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға, бірақ жылына екі реттен жиі емес, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда Заңның 27-1-бабының 2-тармағында, 31-4-бабының 1-тармағында және № 240 ережесінде белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударуға;

б) төлемдерді жүзеге асырған күніне осы Шартта, Заңның 23-бабында және № 661 ережесінде белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

7) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты қоныс аударғанда жинақталған зейнетақы қаражатын Заңның 23-бабында және № 661 ережесінде

белгіленген тәртіппен алуға;

9) Қор қызметіне сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

### **3. Зейнетақы жарналарын енгізу, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау және төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары**

6. Салымшы (Алушы) Шарт бойынша міндетті зейнетақы жарналарын бір мезгілде кіріс төлей отырып, оларды міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттің ұстап қалуы арқылы, сондай-ақ Шартта көрсетілген Қордың банктік шотына аудару арқылы дербес енгізеді.

7. Міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

8. Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аудару кезеңінде Салымшының (Алушының) жаңа зейнетақымен қамсыздандыру шартын жасасуға не жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударым жасаудан бас тартуға жол берілмейді.

9. Зейнетақы төлемдерін алу тәртібі төлем жасау күніне қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

### **4. Қордың Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы есептілікті ұсыну тәртібі**

10. Қордың Салымшыға (Алушыға) жыл сайын беретін жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы міндетті есептілігіне ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы туралы ақпарат, оның ішінде мыналар туралы:

1) Шартты жасаған күннен бастап және өткен жылы келіп түскен зейнетақы жарналар, өсімпұл, аударым сомасы туралы, олардың нақты келіп түскен күндері көрсетілген ақпарат;

2) өткен жылдың әрбір айына есептелген инвестициялық кіріс сомасы мен ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы сомасы туралы;

3) Қордың инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен уәкілетті органымен бекітілген комиссиялық сыйақысының мөлшері туралы;

4) күндерін және ұсталған жеке табыс салығы сомасын көрсете отырып,



зейнетақы төлемдері және (немесе) жинақталған зейнетақы қаражаты аударымдарының сомасы туралы ақпарат.

11. Егер Салымшының (Алушының) сұратуында өзгесі көрсетілмесе, Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша кез келген сұратылған күніне Қормен ұсынылатын есептілікке Шарттың 10-тармағында аталған, сұратылған күндегі жағдай бойынша сұратуда көрсетілген кезеңге жасалған мәліметтер к і р е д і .

12. Салымшыны (Алушыны) жыл сайынғы міндетті хабардар етуі Қордың меншікті қаражаты есебінен күнтізбелік жыл аяқталған соң екі ай ішінде жү р г і з і л е д і .

13. Салымшының (Алушының) өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар етуі төлем карточкасы арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (пошта, электрондық пошта және өзге байланыс құралдары) арқылы немесе Салымшының (Алушының) жеке өтініш жасағанда жүргізілуі мүмкін.

## **5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі**

14. Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапкершілік көтереді.

15. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның (бұдан әрі – Орталық) жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы хабарламаны орындамағаны, уақтылы орындамағаны үшін Қор Салымшының (Алушының) пайдасына аударылуға жататын жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына әрбір кешіктірілген күнге (аударым жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасының 2,5-еселенген мөлшерінде өсімпұл төлейді.

16. Зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Қор құқықтары бұзылған тұлғаның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге ( төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге м і н д е т т і .

17. Өсімпұлды төлеу Қорды жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ( зейнетақы төлемдерін жүргізу) жөніндегі міндеттемелерін орындаудан б о с а т п а й д ы .

18. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## 6. Төтенше жағдайлар

19. Егер тиісінше орындау дүлей күштің салдарынан мүмкін болмай қалса, егер бұл жағдайлар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, Шарттың тараптары өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады.

Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы жағдайлар орын алған шамалас мерзімге тоқтатыла тұрады.

20. Осылармен шектелмей, қоса алғанда, мыналар дүлей күш жағдайлары болып табылады: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, толқулар, ереуілдер, әскері іс-қимылдары, осы Шартта көрсетілген қызметтерге тыйым салатын заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік органдарының өзге де актілерінің қабылдануы.

21. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша осы Шартқа сәйкес қабылдаған Қордың міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың пайда болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға тиіс.

## 7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары

22. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей айқындалмаған және енгізілген толықтыру Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана өзгертіледі және толықтырылады.

2 3 . Ш а р т т ы :

- 1) заңдық күшіне енген сот шешімінің негізінде;
- 2) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан басқасына аударым жасау жағдайларын қоспағанда, жинақталған зейнетақы қаражаты және осы Шарт бойынша зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда Салымшының (Алушының) бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен б ұ з ы л а д ы .

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

24. Салымшы (Алушы) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шартын басқа жинақтаушы зейнетақы қорымен жасаған кезде осы Шарт жинақталған зейнетақы қаражатын аудару рәсімі аяқталғаннан кейін бұзылады. Қор Орталықтың жинақталған зейнетақы қаражаты аударылғаны туралы электронды хабарламасын алғаннан кейін, жеке зейнетақы шотында жинақталған зейнетақы қаражаты болмаған кезде, Шарт бұзылады.

## 8. Шарттың қолданылу мерзімі

25. Қор Орталықтың Шарт туралы мәліметтерді міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізу туралы электронды хабарламасын алған сәттен бастап күшіне енеді.

26. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанша Шарт қолданыста болады.

## 9. Қорытынды ережелер

27. Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.

27-1. Тараптар осы Шарттың мәніне қатысты болатын және осы Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

**Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

28. Шарт екі данада, әрқайсысы бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Әр тарапта бір данадан болады. Қор өзінің Шарт данасының және Шарт солардың негізінде жасалған құжаттар көшірмесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

## 10. Тараптардың деректемелері мен қолдары

ҚОР

САЛЫМШЫ (АЛУШЫ)

\_\_\_\_\_  
Қордың атауы, бар болса бизнес сәйкестендіру нөмірі,

\_\_\_\_\_  
тегі, аты (бар болса - әкесінің аты),

\_\_\_\_\_  
банк деректемелері,

\_\_\_\_\_  
салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бар болса жеке

\_\_\_\_\_  
Қордың (оның филиалының немесе Шартты жасау орны болып табылатын өзге бөлімшенің) нақты орналасқан жері, телефон

\_\_\_\_\_  
осы сәйкестендіру нөмірі,

\_\_\_\_\_  
Заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері), телефон

\_\_\_\_\_  
Зейнетақы ережесімен

\_\_\_\_\_  
Қор өкілінің қолы

\_\_\_\_\_  
таныстым:

Салымшының (Алушының) қолы

Ескерту. 10-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан	Республикасы	Қаржы
нарығын	және	қаржы
реттеу	мен	қадағалау
Басқармасының	2009	жылғы
ақпандағы	N	36
2-қосымша		қаулысына
		27
		агенттігі

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

**Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҮЛГІ ШАРТЫ**  
(жеке тұлға болып табылатын Салымшы үшін)

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
Ж и н а қ т а у ш ы з е й н е т а қ ы қ о р ы

(Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы,

\_\_\_\_\_ нақты орналасқан жері),  
бұдан әрі "Қор" деп аталады, \_\_\_\_\_ (Жарғы немесе сенімхат) және зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ лицензия негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_

-----  
( л а у а з ы м ы ,

\_\_\_\_\_ тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)),  
арқылы бір жағынан және жеке тұлға \_\_\_\_\_

( т е г і , а т ы ,

(бар болса - әкесінің аты)

туған жылы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат),

(сериясы, нөмірі)

"\_\_" \_\_\_\_\_ жылғы берілген,

(кіммен және қашан)

№ \_\_\_\_\_ жеке бірегейлендіру нөмірі бар, бұдан әрі "Салымшы(Алушы)" деп аталады, екінші жағынан ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасасты:

## 1. Шарттың мәні

1. Осы Шартқа сәйкес Салымшы (Алушы) міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы енгізуге міндеттенеді, ал Қор оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 . Қ о р :

- 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
- 2) Салымшыға (Алушыға) № \_\_\_\_\_ жеке зейнетақы шотын ашуға;
- 3) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын тек уәкілетті кастодиан банкте қалыптастыруға және сақтауға;
- 4) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражаты мен оған жасалған төлемдерінің жеке есебін жүзеге асыруға;
- 5) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатына инвестициялық кірісті есептеуге;
- 6) Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмаған жағдайда зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт ж а с а с у ғ а ;
- 7) Салымшыға (Алушыға) жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күніне, ақы алмастан, оның сұратуы бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және Салымшымен (Алушымен) келісім бойынша «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабында белгіленген тәртіппен оның

жинақталған зейнетақы қаражаты туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;

8) осы Шартты жасау кезінде, сондай-ақ сұрату бойынша Салымшыға (Алушыға) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін жүргізуді және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы және нақты орналасқан жері, сондай-ақ олардың акционерлері туралы және Қордың акционерлері туралы мәліметтерді осы Шарттың 5-тармағында белгіленген көлемде ұсынуға;

9) осы Шартты жасау кезінде Салымшыны (Алушыны) Қордың зейнетақы ережелерімен таныстыруға;

10) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Салымшының (Алушының) мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, оның ішінде Қордың өткен жылғы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және кастодиан банктің ауысқаны туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережесіне енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат беруге;

11) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

12) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша эмитенттердің атауын, қаржы құралдарының түрін, қаржы құралдарының саны мен ағымдағы құнын, осы қаржы құралдарына инвестициялар мөлшерінің Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына пайыздық арақатынасын көрсете отырып зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде Салымшының (Алушының) өтінішінде көрсетілген қосымша ақпаратты беруге;

13) Заңның 41-бабының 2-тармағының 3-1) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімде зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

14) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Салымшыны (Алушыны) алдағы уақытта қайта ұйымдастырылатыны туралы кемінде екі баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге;

15) Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

16) соңғы күнге есептелген инвестициялық кірісті қоса алғандағы

Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражаты сомасын түгел басқа жинақтаушы зейнетақы қорына Заңның 27-1-бабының 2-тармағында және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5517 тіркелген) (бұдан әрі - № 240 ережесі) көзделген тәртіппен және мерзімдерде аударуға ;

17) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде ол туралы Салымшыны (Алушыны) кемінде екі баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге;

18) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына Заңның 31-4-бабының 1-тармағында және № 240 ережесінде көзделген тәртіппен және мерзімде аударуға ;

19) Заңның 23-1-бабында көзделген жағдайлар басталғанда Салымшыға (Алушыға) жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуге;

20) Салымшы зейнеткерлік жасқа келмей қайтыс болған жағдайда Заңның 9-бабына сәйкес немесе Алушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуін жүзеге асырған тұлғаға жерлеуге арналған біржолғы төлемді елу айлық есептік көрсеткіші шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан асырмай төлеуге ;

21) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы барлық соманы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген тәртіппен Салымшының (Алушының) мұрагер(лер)іне төлеуге;

22) Қордың міндеттемелерін орындауға әсерін тигізетін Салымшының (Алушының) деректемелері өзгерген жағдайда автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуге;

23) Салымшы (Алушы) Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты қоныс аударған жағдайда, жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу жөніндегі операцияларды Заңның 23-1-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға міндеттенеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**3 . Қ о р д ы ң :**

1) Заңның 48-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 132 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесінде белгіленген шекті шамадан аспайтын

мөлшерде және тәртіппен комиссиялық сыйақы алуға;

2) зейнетақымен қамсыздандырумен байланысты мәселелері бойынша Салымшының (Алушының) жазбаша өтініші бойынша оның мүддесін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі заңнамасында көзделген тәртіппен сот органдарында білдіруге;

3) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымшының (Алушының) құқықтарын шектемейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтары б а р .

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

#### 4. С а л ы м ш ы ( А л у ш ы ) :

1) Шартқа қол қойылғаннан кейін үш күн ішінде өзінің зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агентіне (бұдан әрі – агент) Шартқа қол қою күнін, жеке сәйкестендіру нөмірі, Қордың деректемелерін хабарлауға, сондай-ақ оған Шарттың көшірмесін тапсыруға;

2) Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып Қорға хабарлауға міндетті.

#### 5. С а л ы м ш ы н ы ң ( А л у ш ы н ы ң ) :

1) ерікті зейнетақы жарналарын

---

(ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын, бір жолғы немесе тараптардың келісімі б о й ы н ш а )

Салымшы (Алушы) белгілейтін мөлшерде енгізуге;

2) осы Шартты жасасқан кезде, сондай-ақ кез келген жазбаша сұрату бойынша сұратылған күніне Қордың акционерлері туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруын жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін жүргізуді және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы, нақты орналасқан жері, олардың акционерлері және Қордың акционерлері туралы ақпаратты мынадай көлемде алуға:

жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, азаматтығы, қатысу ү л е с і ( п а й ы з б е н ) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері ( почталық индекс, қала, көшесі, ғимараттың нөмірі, телефон, факс, электронды адресі), мемлекеттік тіркелу туралы деректер, бірінші басшы туралы деректер ( тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) және қатысу үлесі (пайызбен);

3) Қордың зейнетақы ережесімен танысуға;

4) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты



а л у ғ а ;

5) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

6) Қордан жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға, бірақ жылына екі реттен жиі емес, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда Заңның 27-1-бабының 2-тармағында, 31-4-бабының 1-тармағында және № 240 ережесінде белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударуға;

7) төлемдерді жүзеге асырған күніне осы Шартта, Заңның 22-2 және 23-1-бабында белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

8) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдыруға;

9) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты қоныс аударғанда жинақталған зейнетақы қаражатын Заңның 22-2 және 23-1-бабында белгіленген тәртіппен алуға ;

10) Қор қызметіне сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **3. Зейнетақы жарналарын енгізу, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау және төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары**

6. Ерікті зейнетақы жарналары осы Шарттың 5-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде және мөлшерде төленеді.

7. Зейнетақы төлемдерін алу тәртібі тараптармен дербес, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасасу арқылы анықталады.

### **4. Қордың Салымшының (Алушының) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы есептілігін ұсыну тәртібі**

8. Қордың Салымшыға (Алушыға) жыл сайын беретін жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы міндетті есептілігіне ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты сомасы туралы ақпарат, оның ішінде мыналар туралы:

1) Шартты жасаған күннен бастап және өткен жылы келіп түскен зейнетақы жарналар, өсімпұл, аударым сомалары туралы, олардың нақты келіп түскен



16. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **6. Төтенше жағдайлар**

17. Егер тиісінше орындау дүлей күштің салдарынан мүмкін болмай қалса, егер бұл жағдайлар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, Шарттың тараптары өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады.

Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы жағдайлар орын алған шамалас мерзімге тоқтатыла тұрады.

18. Осылармен шектелмей, қоса алғанда, мыналар дүлей күш жағдайлары болып табылады: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, толқулар, ереуілдер, әскері іс-қимылдары, осы Шартта көрсетілген қызметтерге тыйым салатын заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік органдарының өзге де актілерінің қабылдануы.

19. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша осы Шартқа сәйкес қабылдаған Қордың міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың пайда болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға тиіс.

## **7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары**

20. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей айқындалмаған және енгізілген толықтыру Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана өзгертіледі және толықтырылады.

2 1 . Ш а р т :

1) күшіне енген сот шешімінің негізінде;

2) Жинақталған зейнетақы қаражаты және осы Шарт бойынша зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда Салымшының (Алушының) бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен бұзылады.

## **8. Шарттың қолданылу мерзімі**

22. Шарт оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

23. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанша Шарт қолданыста болады.

## **9. Қорытынды ережелер**

24. Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

қ а р а й д ы .

24-1. Тараптар осы Шарттың мәніне қатысты болатын және осы Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

Ескерту. 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

25. Шарт екі данада, әрқайсысы бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Әр тарапта бір данадан, көшірмесі агентте болады. Қор Шарттың өз данасының және Шарт солардың негізінде жасалған құжаттар көшірмесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

## 10. Тараптардың деректемелері мен қолдары

ҚОР

САЛЫМШЫ (АЛУШЫ)

Қордың атауы, бар болса бизнес сәйкестендіру нөмірі,

тегі, аты (бар болса - әкесінің аты),

банк деректемелері,

салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бар болса жеке

Қордың (оның филиалының немесе Шартты жасау орны болып табылатын өзге бөлімшенің) нақты орналасқан жері, телефон

осы сәйкестендіру нөмірі, Заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері), телефон

Қор өкілінің қолы

Зейнетақы ережесімен таныстым:

Салымшының (Алушының) қолы

Ескерту. 10-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҮЛГІ ШАРТЫ (үшінші тұлғаның пайдасына)**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
Ж и н а қ т а у ш ы з е й н е т а қ ы

N \_\_\_\_\_  
қ о р ы

(Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы,

\_\_\_\_\_ нақты орналасқан жері),  
бұдан әрі "Қор" деп аталады, \_\_\_\_\_ (Жарғы немесе сенімхат)  
негізінде \_\_\_\_\_ іс-әрекет \_\_\_\_\_ жасайтын

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты

\_\_\_\_\_ (бар болса - әкесінің аты)),  
бір жағынан және заңды тұлға (жеке тұлға)

\_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_  
Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы, нақты орналасқан жері – заңды  
тұлға үшін; тегі, аты (бар болса - әкесінің аты), туған күні, тұрғылықты жері,  
жеке басын куәландыратын құжат (сериясы, нөмірі)), \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ берілген (кіммен, қашан)  
\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ - жеке тұлға үшін, бұдан әрі "\_\_\_\_\_  
Салымшы" деп аталады, (заңды тұлғаның өкілі)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты (бар болса - әкесінің аты)),  
арқылы екінші жағынан және жеке тұлға \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты (бар болса - әкесінің аты), туған күні және тұрғылықты жері)

\_\_\_\_\_ Жеке басын куәландыратын құжат (сериясы, нөмірі), \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылғы, және  
\_\_\_\_\_ (кіммен және қашан берілген)

N \_\_\_\_\_ жеке бірегейлендіру нөмірі бар, бұдан әрі "Алушы" деп  
аталады, үшінші жағынан, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен  
қамсыздандыру туралы шартты мына төмендегілер жайында жасасты:

## 1. Шарттың мәні

1. Осы Шартқа сәйкес Салымшы Алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын енгізуге құқылы, ал Қор оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 . Қ о р :

- 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
- 2) Алушыға № \_\_\_\_\_ жеке зейнетақы шотын ашуға;
- 3) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын тек уәкілетті кастодиан банкте қалыптастыруға және сақтауға;
- 4) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының және оған жасалған төлемдердің жеке есебін жүргізуді жүзеге асыруға;
- 5) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатына инвестициялық кірісті е с е п т е у г е ;
- 6) Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмаған жағдайда зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт ж а с а с у ғ а ;
- 7) Алушыға жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күнге, ақы алмастан, оның сұратуы бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабында көзделген талаптарды ескере отырып, оның жинақталған зейнетақы қаражаты туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;
- 8) Салымшыға Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделген Алушының жазбаша келісімі бар болған жағдайда Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы а қ п а р а т т ы ұ с ы н у ғ а ;
- 9) осы Шартты жасаған кезде, сондай-ақ сұрату бойынша Алушыға ( Салымшыға) зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы, нақты орналасқан жері, сондай-ақ олардың акционерлері және Қордың акционерлері туралы мәліметтерді осы Шарттың 6-тармағында белгіленген көлемде ұсынуға;
- 10) осы Шартты жасаған кезде Алушыны қордың зейнетақы ережесімен т а н ы с т ы р у ғ а ;
- 11) Алушының сұратуы бойынша Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, оның ішінде Қордың өткен жылдағы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымды және кастодиан банкті ауыстырғаны туралы, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережесіне енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы

а қ п а р а т ы

ұ с ы н у ғ а ;

12) Алушының сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

13) Алушының өтініші бойынша эмитенттердің атауын, қаржы құралдарының түрін, қаржы құралдарының саны мен ағымдағы құнын, осы қаржы құралдарына инвестициялар мөлшерінің Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына пайыздық арақатынасын көрсете отырып зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде Алушының өтінішінде көрсетілген қосымша ақпаратты беруге;

14) Заңының 41-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімде зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында ж а р и я л а у ғ а ;

15) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Салымшыны және Алушыны алдағы уақытта қайта ұйымдастырылатыны туралы кемінде екі баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар е т у г е ;

16) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

17) соңғы күнге есептелген инвестициялық кірісті қоса алғандағы Алушының жинақталған зейнетақы қаражаты сомасын түгел басқа жинақтаушы зейнетақы қорына Заңның 27-1-бабының 2-тармағында және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5517 тіркелген) (бұдан әрі - № 240 ережесі) көзделген тәртіппен және мерзімдерде аударуға;

18) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде ол туралы Салымшыны кемінде екі баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге;

19) Алушының өтініші бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына Заңның 31-4-бабының 1-тармағында және № 240 ережесінде көзделген тәртіппен және м е р з і м д е а у д а р у ғ а ;

20) Заңның 23-1-бабында көзделген жағдайлар басталғанда Алушыға жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуге;

21) Алушы зейнеткерлік жасқа келмей қайтыс болған жағдайда Заңның 9-бабына сәйкес оның отбасына не жерлеуін жүзеге асырған тұлғаға жерлеуге арналған біржолғы төлемді елу айлық есептік көрсеткіші шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан асырмай төлеуге;

22) Алушы қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы барлық соманы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген тәртіппен Алушының мұрагер(лер)іне төлеуге;

23) Қордың міндеттемелерін орындауға әсерін тигізетін Алушының деректемелері өзгерген жағдайда автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуге;

24) Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты қоныс аударған жағдайда, жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу жөніндегі операцияларды Заңның 22-2 және 23-1-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға міндеттенеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**3. Қордың:**

1) Заңның 48-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 132 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесінде белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде және тәртіппен комиссиялық сыйақы алуға;

2) зейнетақымен қамсыздандырумен байланысты мәселелері бойынша Алушының жазбаша өтініші бойынша оның мүддесін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сот органдарында білдіруге;

3) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алушының құқықтарын шектемейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтары бар.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

4. Салымшы ерікті зейнетақы жарналарын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын, бір жолғы немесе тараптардың келісімі бойынша)

Салымшы белгілеген мөлшерде енгізеді.

5. Алушы Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күнішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, Қорға хабарлауға міндетті.



1) осы Шартты жасасқан кезде, сондай-ақ кез келген жазбаша сұрату бойынша сұратылған күніне Қордың акционерлері туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруын жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін жүргізуді және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы, нақты орналасқан жері, олардың акционерлері және Қордың акционерлері туралы ақпаратты мынадай көлемде алуға:

жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, азаматтығы, қатысу үл е с і ( п а й ы з б е н ) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері ( почталық индекс, қала, көшесі, ғимараттың нөмірі, телефон, факс, электронды адресі), мемлекеттік тіркелу туралы деректер, бірінші басшы туралы деректер ( тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) және қатысу үлесі (пайызбен);

2) Қордың зейнетақы ережесімен танысуға;

3) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты а л у ғ а ;

4) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

5) Қордан жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға, бірақ жылына екі реттен жиі емес, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда Заңның 27-1-бабының 2-тармағында, 31-4-бабының 1-тармағында және № 240 ережесінде белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударуға;

6) осы Шартта, Заңның 22-2 және 23-1-бабында белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

7) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты қоныс аударғанда жинақталған зейнетақы қаражатын Заңның 22-2 және 23-1-бабында белгіленген т ә р т і п п е н а л у ғ а ;

9) Қор қызметіне сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

1) Алушының Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімі негізінде оның жинақталған зейнетақы

қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;

2) Қор қызметіне сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

### **3. Зейнетақы жарналарын енгізу, жинақталған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары**

8. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары осы Шарттың 4-тармағында сәйкес мерзімде және мөлшерінде төленеді.

9. Зейнетақы төлемдерін алу тәртібі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасасу арқылы тараптармен дербес айқындалады.

### **4. Қордың Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы есептілікті ұсыну тәртібі**

10. Қордың Салымшыға (Алушыға) жыл сайын беретін жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы міндетті есептілігіне ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты сомасы туралы ақпарат, оның ішінде мыналар туралы:

1) Шартты жасаған күннен бастап және өткен жылы келіп түскен зейнетақы жарналар, өсімпұл, аударым сомалары туралы, олардың нақты келіп түскен күндері көрсетілген ақпарат;

2) өткен жылдың әрбір айына есептелген инвестициялық кіріс (шығын) сомасы мен ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы сомасы туралы;

3) Қордың уәкілетті органымен бекітілген инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы мөлшері туралы;

4) күндерін және ұсталған жеке табыс салығы сомасын көрсете отырып, зейнетақы төлемдері және (немесе) жинақталған зейнетақы қаражаты аударымдарының сомасы туралы ақпарат.

11. Егер Алушының сұратуында өзгесі көрсетілмесе, Алушының сұратуы бойынша кез келген сұратылған күніне Қормен ұсынылатын есептілікке Шарттың 10-тармағында аталған, сұратылған күндегі жағдай бойынша, сұратуда көрсетілген кезеңге жасалған мәліметтер кіреді.

12. Алушыны жыл сайынғы міндетті хабардар етуі Қордың меншікті қаражаты есебінен күнтізбелік жыл аяқталған соң екі ай ішінде жүргізіледі.

13. Алушының өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар етуі төлем карточкасы арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (пошта, электрондық пошта және өзге байланыс құралдары) арқылы немесе Алушының жеке өтініш жасағанда жүргізілуі мүмкін.

## **5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі**

14. Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

15. Қордың кінәсінен жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды кешіктірген жағдайда Қор Салымшының (Алушының) пайдасына әрбір кешіктірген күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасының 2,5 еселік мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

16. Зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Қор құқықтары бұзылған тұлғаның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге ( төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге м і н д е т т і .

17. Өсімпұлды төлеу Қорды жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ( зейнетақы төлемдерін жүргізу) жөніндегі міндеттемелерін орындаудан б о с а т п а й д ы .

18. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **6. Төтенше жағдайлар**

19. Егер тиісінше орындау дүлей күштің салдарынан мүмкін болмай қалса, егер бұл жағдайлар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, Шарттың тараптары өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады.

Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы жағдайлар орын алған шамалас мерзімге тоқтатыла тұрады.

20. Осылармен шектелмей, қоса алғанда мыналар дүлей күш жағдайлары болып табылады: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, толқулар, ереуілдер, әскери іс-қимылдары, осы Шартта көрсетілген қызметтерге тыйым салатын заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік органдарының өзге де актілерінің қабылдануы.

21. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша осы Шартқа сәйкес қабылдаған Қордың міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың пайда болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға тиіс.

## **7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары**

22. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей айқындалмаған және енгізілген толықтыру Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана өзгертіледі және толықтырылады.

2 3 . Ш а р т :

- 1) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде;
- 2) жинақталған зейнетақы қаражаты және осы Шарт бойынша зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда Салымшының немесе Алушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен бұзылады.

## 8. Шарттың қолданылу мерзімі

24. Шарт оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

25. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанша Шарт қолданыста болады.

## 9. Қорытынды ережелер

26. Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қ а р а й д ы .

26-1. Тараптар осы Шарттың мәніне қатысты болатын және осы Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

27. Шарт үш данада, әрқайсысы бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Әр тарапта бір данадан болады. Қор Шарттың өз данасының және Шарт солардың негізінде жасалған құжаттар көшірмесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

## 10. Тараптардың деректемелері мен қолдары

ҚОР

САЛЫМШЫ

\_\_\_\_\_

Қордың атауы, бар болса бизнес сәйкестендіру нөмірі,

\_\_\_\_\_

заңды тұлға үшін, атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі бар  
б о л ғ а н д а ,

банк деректемелері,

банк деректемелері

Қордың (оның филиалының немесе осы орналасқан жері, телефон) сәйкестендіру нөмірі,

Шартты жасау орны болып табылатын \_\_\_\_\_  
өзге бөлімшенің) нақты орналасқан жеке тұлға үшін - тегі, аты (бар жері, телефон болса - әкесінің аты),

Қор өкілінің қолы \_\_\_\_\_ салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бар болса жеке сәйкестендіру нөмірі,

Заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері), телефон

Зейнетақы ережесімен таныстым:

Салымшының қолы

А Л У Ш Ы

тегі, аты (бар болса - әкесінің аты),

салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бар болса жеке сәйкестендіру нөмірі,

Заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері), телефон

Зейнетақы ережесімен таныстым

А л у ш ы н ы ң қ о л ы

Ескерту. 10-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2009 жылғы 27  
ақпандағы N 36 қаулысына  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

**Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҮЛГІ ШАРТЫ**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
Ж и н а қ т а у ш ы з е й н е т а қ ы қ о р ы

(Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы,

\_\_\_\_\_ нақты орналасқан жері),  
бұдан әрі "Қор" деп аталады, \_\_\_\_\_ (Жарғы немесе сенімхат)  
негізінде іс-әрекет жасайтын

(лауазымы, тегі, аты

\_\_\_\_\_ бар болса - әкесінің аты)),  
арқылы бір жағынан және заңды тұлға

(Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы

\_\_\_\_\_ нақты орналасқан жері)  
бұдан әрі "Салымшы" деп аталады, (заңды тұлғаның өкілі)

(лауазымы, тегі, аты (бар болса - әкесінің аты)),  
арқылы екінші жағынан және жеке тұлға

(тегі, аты (бар болса - әкесінің аты)),

\_\_\_\_\_ туған күні мен тұрғылықты жері),

\_\_\_\_\_ жеке басын куәландыратын құжат (сериясы, нөмірі),  
\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ берілген (\_\_\_\_\_  
к і м м е н ж ә н е қ а ш а н )

N \_\_\_\_\_ жеке бірегейлендіру нөмірі бар, бұдан әрі "Алушы" деп

аталады, үшінші жағынан ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасасты:

## 1. Шарттың мәні

1. Осы Шартқа сәйкес Салымшы Алушының пайдасына ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын енгізуге құқылы, ал Қор оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- 2 . Қ о р :
- 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
  - 2) Алушыға № \_\_\_\_\_ жеке зейнетақы шотын ашуға;
  - 3) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын тек уәкілетті кастодиан банкте қалыптастыруға және сақтауға;
  - 4) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының және оған жасалған төлемдердің жеке есебін жүргізуді жүзеге асыруға;
  - 5) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатына инвестициялық кірісті е с е п т е у г е ;
  - 6) Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмаған жағдайда зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт ж а с а с у ғ а ;
  - 7) Алушыға жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күнге, ақы алмастан, оның сұратуы бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабында көзделген талаптарды ескере отырып, оның жинақталған зейнетақы қаражаты туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;
  - 8) осы Шартты жасаған кезде, сондай-ақ сұрату бойынша Алушыға зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы, нақты орналасқан жері, сондай-ақ олардың акционерлері және Қордың акционерлері туралы мәліметтерді осы Шарттың 6-тармағында белгіленген көлемде ұсынуға;
  - 9) осы Шартты жасаған кезде Алушыны қордың зейнетақы ережесімен

т а н ы с т ы р у ғ а ;

10) Алушының сұратуы бойынша Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, оның ішінде Қордың өткен жылдағы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымды және кастодиан банкті ауыстырғаны туралы, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережесіне енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы а қ п а р а т т ы ұ с ы н у ғ а ;

11) Алушының сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

12) Алушының өтініші бойынша эмитенттердің атауын, қаржы құралдарының түрін, қаржы құралдарының саны мен ағымдағы құнын, осы қаржы құралдарына инвестициялар мөлшерінің Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына пайыздық арақатынасын көрсете отырып зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде Алушының өтінішінде көрсетілген қосымша ақпаратты беруге;

13) Заңының 41-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімде зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында ж а р и я л а у ғ а ;

14) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Салымшыны және Алушыны алдағы уақытта қайта ұйымдастырылатыны туралы кемінде екі баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар е т у ғ е ;

15) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

16) соңғы күнге есептелген инвестициялық кірісті қоса алғандағы Алушының жинақталған зейнетақы қаражаты сомасын түгел басқа жинақтаушы зейнетақы қорына Заңның 27-1-бабының 2-тармағында және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5517 тіркелген) (бұдан әрі - № 240 ережесі) көзделген тәртіппен және мерзімдерде аударуға;

17) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде ол туралы Салымшыны және Алушыны кемінде екі баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге;



18) Алушының өтініші бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына Заңның 27-1-бабында және № 240 ережесінде көзделген тәртіппен және мерзімде аударуға;

19) Заңның 23-2-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі № 661 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінде (бұдан әрі - № 661 ережесі) көзделген жағдайлар басталғанда Алушыға жинақталған зейнетақы қ а р а ж а т т а р ы н т ө л е у г е ;

20) Алушы зейнеткерлік жасқа келмей қайтыс болған жағдайда Заңның 9-бабына сәйкес оның отбасына не жерлеуін жүзеге асырған тұлғаға жерлеуге арналған біржолғы төлемді елу айлық есептік көрсеткіші шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан асырмай төлеуге;

21) Алушы қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы барлық соманы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексында белгіленген тәртіппен Алушының мұрагер(лер)іне төлеуге;

22) Қордың міндеттемелерін орындауға әсерін тигізетін Алушының деректемелері өзгерген жағдайда автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер е н г і з у г е ;

23) Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты коныс аударған жағдайда, жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу жөніндегі операцияларды Заңның 23-2-бабында және № 661 ережесінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға міндеттенеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**3 . Қ о р д ы ң :**

1) Заңның 48-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 132 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесінде белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде және тәртіппен комиссиялық сыйақы алуға;

2) зейнетақымен қамсыздандырумен байланысты мәселелері бойынша Алушының жазбаша өтініші бойынша оның мүддесін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сот органдарында білдіруге;

3) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алушының құқықтарын шектемейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтары бар.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн**

4. Салымшы Алушының пайдасына ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ай сайын,  
тоқсан сайын, жыл сайын, бір жолғы немесе тараптардың  
келісімі бойынша)

\_\_\_\_\_ мөлшерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында және  
Шартта белгілеген тәртіппен енгізеді.

5. Салымшы және Алушы Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, Шарт тараптарына хабарлауға міндетті.

6. Алушының :

1) осы Шартты жасасқан кезде, сондай-ақ кез келген жазбаша сұрату бойынша сұратылған күніне Қордың акционерлері туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруын жүзеге асыратын ұйымның және Қордың зейнетақы активтерінің есебін жүргізуді және сақталуын жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы, нақты орналасқан жері, олардың акционерлері туралы ақпаратты мынадай көлемде алуға :

жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, азаматтығы, қатысу үлесі (пайызбен) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почталық индекс, қала, көшесі, ғимараттың нөмірі, телефон, факс, электронды адресі) мемлекеттік тіркелу туралы деректер, бірінші басшы туралы деректер (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) және қатысу үлесі (пайызбен);

2) Қордың зейнетақы ережесімен танысуға;

3) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты алуға ;

4) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу мәселелері және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

5) Қордан өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға, бірақ жылына екі реттен жиі емес, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда Заңның 27-1-бабының 2-тармағында және № 240 ережесінде белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударуға;

6) төлемдерді жүзеге асыру күніне Заңның 23-2-бабында және № 661 ережесінде белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

7) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын Қазақстан Республикасының

Азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасының тыс жерге тұрақты қоныс аударғанда жинақталған зейнетақы қаражатын Заңның 23-2-бабында және № 661 ережесінде белгіленген тәртіппен алуға;

9) Қор қызметіне сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **3. Зейнетақы жарналарын енгізу, жинақталған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары**

7. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары осы Шарттың 4-тармағында белгіленген мерзімде және мөлшерде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді.

8. Зейнетақы төлемдерін алу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталады. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезеңділігі Шартта белгіленеді (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын) және қосымша келісіммен ресімделеді.

9. Қор Алушыдан тиісті құжаттарды алғаннан кейін он бес жұмыс күн ішінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімді әзірлеп, Алушының қарауына ұсынады.

### **4. Қордың Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы есеп беру тәртібі**

10. Қордың Алушыға жыл сайын беретін жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы міндетті есептілігіне ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты сомасы туралы ақпарат, оның ішінде мыналар туралы:

1) Шартты жасаған күннен бастап және өткен жылы келіп түскен зейнетақы жарналар, өсімпұл, аударым сомалары туралы, олардың нақты келіп түскен күндері көрсетілген ақпарат;

2) өткен жылдың әрбір айына есептелген инвестициялық кіріс (шығын) сомасы мен жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы сомасы туралы;

3) Қордың уәкілетті органымен бекітілген инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы мөлшері туралы;

4) күндерін және ұсталған жеке табыс салығы сомасын көрсете отырып, зейнетақы төлемдері және (немесе) жинақталған зейнетақы қаражаты

аударымдарының сомасы туралы ақпарат.

11. Егер Алушының сұратуында өзгесі көрсетілмесе, Алушының сұратуы бойынша кез келген сұратылған күнге Қормен ұсынылатын есептілікке Шарттың 10-тармағында аталған, сұратылған күндегі жағдай бойынша сұратуда көрсетілген кезеңге жасалған мәліметтер кіреді.

12. Алушыны жыл сайынғы міндетті хабардар етуі Қордың меншікті қаражаты есебінен күнтізбелік жыл аяқталған соң екі ай ішінде жүргізіледі.

13. Алушының өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар етуі төлем карточкасы арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (пошта, электрондық пошта және өзге байланыс құралдары) арқылы немесе Алушының жеке өтініш жасағанда жүргізілуі мүмкін.

## **5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі**

14. Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

15. Қордың кінәсінен жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды кешіктірген жағдайда Қор Салымшының (Алушының) пайдасына әрбір кешіктірген күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасының 2,5 еселік мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

16. Зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Қор құқықтары бұзылған тұлғаның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге (төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге м і н д е т т і .

17. Өсімпұлды төлеу Қорды жинақталған зейнетақы қаражатын аудару (зейнетақы төлемдерін жүргізу) жөніндегі міндеттемелерін орындаудан б о с а т п а й д ы .

18. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **6. Төтенше жағдайлар**

19. Егер тиісінше орындау дүлей күштің салдарынан мүмкін болмай қалса, егер бұл жағдайлар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, Шарттың тараптары өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады.

Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы жағдайлар орын алған

шамалас мерзімге тоқтатыла тұрады.

20. Осылармен шектелмей, қоса алғанда, мыналар дүлей күш жағдайлары болып табылады: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, толқулар, ереуілдер, әскери іс-қимылдары, осы Шартта көрсетілген қызметтерге тыйым салатын заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік органдарының өзге де актілерінің қабылдануы.

21. Қор Салымшының немесе Алушының сұратуы бойынша осы Шартқа сәйкес қабылдаған Қордың міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың пайда болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға тиіс.

## **7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары**

22. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей айқындалмаған және енгізілген толықтыру Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана өзгертіледі және толықтырылады.

23. Алушының құқықтарын қозғайтын Шарттың өзгерістері мен толықтырулары тек оның жазбаша келісімі бойынша ғана заңды болады.

24. Салымшы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнетақы жарналарын енгізу тәртібін бұзған жағдайда, сондай-ақ Салымшының зейнетақы жарналарын енгізуді тоқтатқан немесе тоқтата тұрған жағдайда Қор Шартқа өзгеріс енгізуді талап етуге құқылы.

2 5 . Ш а р т :

1) күшіне енген сот шешімінің негізінде;

2) Жинақталған зейнетақы қаражаты және осы Шарт бойынша зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда Салымшының немесе Алушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен.

## **8. Шарттың қолданылу мерзімі**

26. Шарт оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

27. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанша Шарт қолданыста болады.

## **9. Қорытынды ережелер**

28. Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қ а р а й д ы .

28-1. Тараптар осы Шарттың мәніне қатысты болатын және осы Шарт

бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.»;

Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29. Шарт үш данада, әрқайсысы бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Әр тарапта бір данадан болады. Қор Шарттың өз данасының және Шарт солардың негізінде жасалған құжаттар көшірмесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

## 10. Тараптардың деректемелері мен қолдары

ҚОР

САЛЫМШЫ

\_\_\_\_\_

Қордың атауы, бар болса бизнес сәйкестендіру нөмірі,

\_\_\_\_\_

заңды тұлға үшін, атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі бар  
б о л ғ а н д а ,

\_\_\_\_\_

банк деректемелері,

\_\_\_\_\_

банк деректемелері

-----

Қордың (оның филиалының немесе осы орналасқан жері, телефон) сәйкестендіру нөмірі,

-----

орналасқан жері, телефон) нөмірі,

Шартты жасау орны болып табылатын өзге бөлімшенің) нақты орналасқан жері, телефон

-----

жеке тұлға үшін - тегі, аты (бар болса - әкесінің аты),

\_\_\_\_\_

Қор өкілінің қолы

\_\_\_\_\_

салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бар болса жеке сәйкестендіру нөмірі,

-----

Заңды мекен-жайы (тұғылықты жері), телефон

-----

Зейнетақы ережесімен таныстым:

Салымшының қолы

А Л У Ш Ы

-----

тегі, аты (бар болса - әкесінің аты),

салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе  
бар болса жеке сәйкестендіру нөмірі,

Заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері),  
телефон

Зейнетақы ережесімен таныстым

А л у ш ы н ы ң қ о л ы

**Ескерту. 10-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012.02.24 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау

агенттігі Басқармасының

2009 жылғы 27 ақпандағы

№ 36 қаулысына

4-қосымша

### **Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 138 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2345 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 2345 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі зейнетақы шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 138 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 113 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2860 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің Бюллетенінде 2004 жылы № 29-32, 974-құж., "Заң газеті" газетінде 2005 жылы 2 қаңтарда № 96-97 (72) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын

реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2345 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі зейнетақы шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 306 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3229 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің Бюллетенінде 2005 жылы N 9-13, 41–құж. жарияланған).

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі зейнетақы шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 28 мамырдағы N 166 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3721 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және кастодиан банктің акционерлері туралы ақпараттың көлемін айқындау туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3986 тіркелген, "Заң газеті" газетінде N 8-9 (815) 2006 жылғы 20 қ а н т а р д а ж а р и я л а н ғ а н ) .

6. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4212 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулыға қосымшаның 2-тармағы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4803 тіркелген,



Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жинағында 2007 жылғы мамыр-шілдеде жарияланған).

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына толықтырулар енгізу туралы " 2008 жылғы 29 қазандағы N 169 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5400 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК